



Еңбек құқығы, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы /Labor Law and Social Security Law/ Трудовое право, Право социального обеспечения

XҒТАР 10.67.61

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2025-153-4-121-131>

Ғылыми мақала

Қазақстан Республикасында өндірістік жарақаттану тәуекелдерін азайтудағы әлеуметтік сақтандырудың құқықтық негіздері

К.Б. Байтерекова^{*1}, Б.М. Сматлаев², Юджель Огурлу³

^{*1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

³Балыкесир университеті, Алтыейлюль, Балыкесир, Түркия

(*e-mail: k.baiterekova@mail.ru, smatlayev_bm@enu.kz, yogurlu@gmail.com)

Аңдатпа: Бұл мақалада Қазақстан Республикасының өндірістік жарақаттан міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы заңнаманы жаңарту және бейімдеу үрдістері қарастырылады. Зерттеу екі негізгі аспектіні қамтиды: Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) шеңберінде сақтандыру нормаларын үйлестіру қажеттілігі және Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) стандарттарын енгізу.

Авторлар отандық әлеуметтік сақтандыру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттарын талдаған, бұл ЕАЭО-ның біртұтас қаржы нарығын қалыптастыру және кәсіби қауіптерді басқаруда алдын алу тәсілін енгізу қажеттілігімен байланысты. Қазіргі сақтандыру моделі бірқатар шектеулерге ие екені анықталды: профилактикалық функцияның жоқтығы және институционалдық құрылымдардың тиімділігінің төмендігі, олардың жұмысы негізінен әлеуметтік маңызды нәтижелерге емес, коммерциялық мақсаттарға бағдарланған.

Зерттеу барысында өндірістік жарақаттан сақтандыруды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріндегі құқықтық қайшылықтар мен терминологиялық сәйкессіздіктер анықталды. Арнайы назар ұлттық заңнаманы ХЕҰ стандарттарымен салыстыруға және ЕАЭО шеңберінде ортақ сақтандыру кеңістігін қалыптастырудың құқықтық негіздерін зерттеуге аударылды.

Мақаланың ғылыми жаңалығы мен практикалық мәні - сақтандыру заңнамасын жетілдіруде кешенді тәсілді ұсынуында, ол еуразиялық интеграция жағдайында сақтандыру қатынастары қатысушыларының мүдделерін теңестіруді және сақтандыру бағдарламаларының үш негізгі функциясын - өтемдік, қалпына келтіру және алдын алу функцияларын жүзеге асыру қажеттілігін ескереді.

Жұмыста нормативтік базаны үйлестіру үшін нақты құқықтық және ұйымдастырушылық ұсыныстар берілген, олар Қазақстанның халықаралық міндеттемелері мен ұлттық әлеуметтік қорғау басымдықтарын үйлестіруге бағытталған.

Түйін сөздер: әлеуметтік сақтандыру, өндірістік жарақат, еңбек қауіптері, өндірістік сақтандыру, ЕАЭО, Халықаралық еңбек ұйымы, заңнама, қызметкерлерді қорғау.

Түсті: 17.11.2025 Мақұлданды: 06.12.2025 Онлайн қолжетімді: 30.12.2025

Кіріспе

Еңбекті қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру саласында халықаралық тәжірибені, атап айтқанда Халықаралық Еңбек Ұйымының (ХЕҰ) конвенциялары мен ұсынымдарын ескеру, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі мен еңбекке байланысты жарақаттан сақтандыру жүйесін үздіксіз жетілдіру тәжірибесі қазіргі таңда жинақталған жүйелік проблемаларды шешу үшін жаңа, инновациялық тәсілдер мен кешенді стратегияларды қажет етуде. Бұл мәселелер терең институционалдық табиғатқа ие болғандықтан, тек заңнаманы формальды түзетумен немесе жеке шешімдермен шеше алмаймыз.

Қазақстанның әлеуметтік құқықтық мемлекет ретінде дамуы және Еуразиялық Экономикалық Одаққа (ЕЭО) белсенді интеграциялануы заңнаманы, оның ішінде қаржы және әлеуметтік секторларды үйлестірудің маңыздылығын арттырады. Осы тұрғыдан қарағанда, еңбек қызметіне байланысты өндірістік жарақаттан сақтандырудың қазіргі жүйесі өз парадигмасын түбегейлі қайта қарауды талап етеді. Міндетті сақтандыру жүйесі бірінші кезекте коммерциялық қызмет емес, мемлекет пен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін іске асырудың ерекше құралы ретінде қарастырылуы тиіс. Оның басты мақсаты – еңбек жарақаттары мен кәсіби ауруларды алдын алу тиімділігін жүйелі түрде арттыруды көздейді.

Қолданыстағы модельдің шектеулілігі көрнекі: ол негізінен post-factum логикасына сүйеніп, зиянды өтеуге басымдық беруді қарастырған. ХЕҰ ұсынатын қазіргі заманғы проактивті тәсіл сақтандыруды кәсіби тәуекелдерді басқарудың белсенді құралына айналдыруға бағытталған деп айтуға болады. Бұл сақтандырудың назарын шығындарды өтеуден алдын алу механизмдері арқылы қауіптерді азайтуға және зардап шеккендерді толыққанды еңбек қызметіне қайтаруға арналған кешенді оңалту шараларына аударуды көздейді [1].

Осы тұрғыдан, зерттеудің өзектілігі – ұлттық сақтандыру жүйесінің алдын алу, оңалту және өтеу функцияларын біртұтас әлеуметтік бағытталған институтқа айналдыру жолдарын ғылыми тұрғыдан негіздеуге деген қажеттіліктен туындайды.

Негізгі бөлім

Зерттеу кешенді тәсілге сүйеніп, теориялық және эмпирикалық әдістерді біріктіреді. Бастапқы ақпараттық база ретінде Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен оның бағынысты ұйымдары ұсынған материалдар кеңінен пайдаланылды. Бұл материалдар еңбек қызметімен байланысты өндірістік жарақаттан сақтандырудың қазіргі жүйесінің тиімділігін бағалауға тікелей қатысты:

Әкімшілік аналитика: еңбек жарақаттары мен сақтандыру төлемдерінің негізгі көрсеткіштері, статистикалық деректер, мониторинг және тексеру нәтижелері.

Корпоративтік деректер: сақтандыру нарығының нақты қатысушысы – «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-ның қызметі мен мәселелері. Бұл микро деңгейдегі жүйелік және корпоративтік қайшылықтарды айқын көруге мүмкіндік береді [2].

Жоба ұсыныстары: «Мемлекеттік аннуитеттік компания» АҚ және «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ ұсынған жүйені дамыту мен реформалау бағытындағы

ресми көзқарастар мен бастамалар. Бұл құжаттар жүйедегі өзгерістер бағытын және кәсіби ортадағы қазіргі пікірталастарды түсінуге көмектесті.

Осы материалдарды жан-жақты талдау зерттелетін мәселенің көпқырлылығы мен құрылымдық күрделілігін, сондай-ақ оның әлеуметтік маңыздылығын дәлелдеді.

Сонымен қатар, әлеуметтік сақтандыру, еңбек қауіпсіздігі және кәсіби тәуекелдерді басқару тақырыбындағы монографиялар, жетекші құқықтық және экономикалық журналдардағы мақалалар, диссертация авторефераттары зерттеу тақырыбының халықаралық және қазақстандық деңгейде өзектілігін көрсетеді.

Зерттеуде қолданылған ғылыми әдістер Бағдарламаның жалпы стратегиясына сәйкес 36 ай ішінде ақпарат жинау, сипаттау және эксперименттік әзірleme кезеңдерін дәйекті түрде іске асыруға бағытталған. Аталмыш мақала ақпарат жинау кезеңінде орындалып, мына әдістерді қамтыды:

Ретроспективтік талдау: міндетті сақтандыру жүйесінің даму тарихын, жүйелік мәселелердің шығу себептерін анықтауға және бұрын жүргізілген реформалардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді.

Салыстырмалы талдау: Қазақстан заңнамасын халықаралық стандарттармен және ЕЭО елдері тәжірибесімен салыстыру арқылы үздік практикаларды анықтау және ықтимал қайшылықтарды көру мүмкіндігін берді.

Формалды-логикалық талдау: нормативтік құқықтық актілерді терең зерттеу арқылы заң-техникалық кемшіліктерді, терминологиялық айырмашылықтарды және құқық қолдануға кедергі келтіретін олқылықтарды айқындады.

Жүйелі тәсіл: сақтандыруды оқшауланған институт ретінде емес, ұлттық экономиканың, әлеуметтік саясаттың және ЕЭО қалыптасып келе жатқан ортақ қаржы нарығының құрамдас бөлігі ретінде қарастыру зерттеу нәтижелерінің тұтастығы мен кешенділігін қамтамасыз етті.

Бұл әдіснамалық комбинация алынған деректердің сенімділігін арттырып, заңнама мен институционалдық инфрақұрылымды жетілдіруге бағытталған ұсыныстардың ғылыми негізділігін нығайтады.

Елдің саяси-құқықтық дамуының соңғы кезеңі Заңдық Реформаның мемлекеттік бағдарламасын және одан кейін Заң саясаты тұжырымдамаларын (2002 жылдан қазіргі уақытқа дейін) іске асырумен тығыз байланысты. Бұл құжаттар конституциялық құқықтан бастап, заңнаманың барлық салаларының көкжиектерін нақты белгілейді және басым міндеттерін анықтайды. Осылайша, Заңдық Реформаның мемлекеттік бағдарламасы «еңбек құқығы жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы толыққанды қатынастар тұрғысынан тұжырымдамалық түрде қайта қаралуы керек» деп қысқаша түрде атап өтсе, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы Заң саясаты тұжырымдамасы «жұмысқа қабілеттілікті жоғалту, асыраушысын жоғалту немесе жұмыстан айырылу жағдайларында халыққа қосымша әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету мақсатында міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін одан әрі жетілдіру үшін құқықтық базаны құру» тапсырмасын қойды.

Қазіргі заманғы сындарға жауап ретінде Қазақстанда бірнеше рет конституциялық реформалар жүргізілді, бірқатар кодекстелген актілер қабылданды, құқық қолдану тәжірибесі жетілдіріліп, азаматтардың жаңа құқықтық санасы қалыптасты.

Осы түбегейлі өзгерістерге қоса, өзгеріссіз қалатын тұрақты шама – мемлекеттің ең жоғары құндылықтары әрбір адам мен азаматтың өмірі мен денсаулығы болып табылады.

Соңынан, Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабының 2-тармағы адамның қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сәйкес келетін жұмыс жағдайларына, кез келген кемсітушіліксіз еңбекке ақы алуға, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға қол жеткізуге болмас құқығын бекітеді [3].

2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары тәуекел-бағдарланған тәсілге негізделген нақты алгоритмді ұсынады: «тәуекелдерді бағалау өндірістік факторлардың әрбір нақты жұмыс орнына зиянды әсерін анықтауға және жұмыс апаты мен кәсіптік аурулардың болу тәуекелін азайтуға мүмкіндік береді».

Тұтастай алғанда, азаматтарды әлеуметтік қорғау, соның ішінде әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік қолдау – мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі бағыттары болып табылады.

Қазіргі уақытта жаңа әлеуметтік саясат әлеуметтік әділеттілік пен әлеуметтік әлауқатты басымдыққа қояды, бұл өз кезегінде әрбір қазақстандықтың өз тағдыры үшін еңбексүйгіштігіне, белсенді экономикалық мінез-құлқына және жауапкершілігіне байланысты.

Мемлекет жаңа әлеуметтік келісім (азаматтық келісім) аясында әртүрлі бағдарламалар мен құралдарды әзірлеу арқылы жұмыс берушілерге жаңа жұмыс орындарын ашуға жағдай жасайды [4].

Жұмыс берушілер осы азаматтық келісімнің ережелеріне сәйкес, сөзсіз әлеуметтік пакетке қоса, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, еңбек жарақаты мен кәсіптік аурулардың алдын алуға жауапкершілікті де өз мойнына алады.

Бұл Халықаралық еңбек ұйымы мен ең дамыған шетелдік елдер мен ұйымдардың негізгі қағидалары, сұлбалары, үлгілері мен бағдарламаларын енгізу бойынша мақсатты әрекеттер нәтижесінде пайда болған еңбек жарақатына қарсы міндетті әлеуметтік сақтандыру механизмі арқылы жүзеге асырылады [5].

Сақтандыру, қаржы секторының сегменті ретінде, өзінің экономикалық мәнін, қалыптасу ерекшеліктерін, даму заңдылықтарын және заңнаманың бірқатар салаларының реттеуіш функцияларына әсерін айқындайды.

Нәтижелер және талқылау

Еңбек жарақатынан сақтандыру (халықаралық деңгейде қабылданған белгілеу) немесе кәсіби қызметке байланысты оқиғалар бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру (лауазымдық немесе еңбек міндеттерін орындауға байланысты) одан әрі заманауиландыруды талап етеді.

Ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіру бойынша заң саясатының міндеттері орындалуына қарамастан, бүгінгі күні қайшылықты мәселелер сақталуда, сонымен қатар еңбек жарақатын болдырмау және жұмыс орнындағы жарақат немесе кәсіптік ауру салдарынан келтірілген зиянды өтеу саласындағы еңбек қызметіне байланысты оқиғалар бойынша міндетті сақтандырудың қолданыстағы жүйесінің тиімсіздігі мәселесі өзекті болып отыр. Қазіргі уақытта сақтандырудың төмен қамтылуы (еңбек қызметіне байланысты оқиғалар бойынша міндетті сақтандыру бойынша сәйкес

шарттарды 33%-дан аспайтын көлемде жақсартқан), кәсіби еңбекке қабілеттілікті жоғалту дәрежесін анықтау кезіндегі «аралас» жауапкершілік институты салдарынан сақтандыру оқиғаларын өтеудің әлеуметтік әділетсіздігі, бірыңғай сенімді сақтандыру статистикасының жоқтығы сияқты проблемалық мәселелер бар. Сонымен қатар, еңбек жарақатының құрбандары бойынша жеке есеп жоқ, жұмыс апаттары бойынша мемлекеттік және ведомстволық статистика арасында сәйкессіздіктер бар, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың деректер базасының бірыңғай интеграцияланған жүйесі құрылмаған [6].

Соңында, негізгі сұрақ еңбек қызметіне байланысты оқиғалар бойынша міндетті сақтандыру жүйесінің операторлары, атап айтқанда Өмірді сақтандыру компаниялары түріндегі қолданыстағы институционалдық инфрақұрылымның тиімділігі туралы туындайды. Мұнда олардың қаржылық тұрақтылығы мен әлеуметтік миссиясын орындау арасындағы тепе-теңдік шешуші рөл атқарады. Қазіргі уақытта коммерциялық қызметке бейімделу байқалғандықтан және олардың терминологиялық айналымында әлемдік тәжірибеде үш функцияны (алдын алу, реабилитация, өтеу) орындайтын сақтандыру бағдарламалары жоқ.

Ретроспективті талдау әлемдік тәжірибеде ең дамыған елдердегі Еңбек жарақатынан сақтандыру бағдарламалары берік орнағанын және өздерінің тиімділігі мен әлеуметтік маңыздылығын дәлелдегенін көрсетеді.

Еңбек жарақатынан сақтандыру бағдарламалары XIX ғасырда Еуропада пайда болды. Бірінші ұлттық бағдарламаны құру туралы заң 1884 жылы Германияда канцлер Бисмарктың басшылығымен қабылданды [7].

Кейбір елдерде еңбек жарақатынан сақтандыру бағдарламалары алдын алуға, яғни жұмыс апаттарының санын азайту үшін еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін жақсартуға ынталандыруға негізделген. Бұл жұмыс берушілердің сақтандыру жарналарының мөлшерін тәуекел дәрежесіне байлау немесе хабардарлық пен алдын алу шараларын (сақтандыру мәдениетін арттыру) белсенді түрде қолдауға және қаржыландыруға байланысты жеткізіледі.

Жекелеген жаһандық тенденциялар кәсіби жарақат сақтандыру жүйелерін реформалаудың өзектілігін одан әрі арттырады. Мұндай тенденцияларға мыналар жатады:

Жаңа технологиялардың пайда болуы мен дамуы, тәуекелді болдырмау саласындағы жаңа мүмкіндіктер, кәсіптік медицина мен реабилитацияның дамуы салдарынан кәсіптік тәуекелдердің өзінің мәніндегі өзгерістер [8].

Жаһандық бәсекелестік, жұмыспен қамту құрылымындағы өзгерістер (бұрын басым болған өнеркәсіптік өндірістен қызмет көрсету саласына жұмыс күшін қайта бөлу) себепкер болған экономикалық өзгерістер.

Жұмыс орнын ұйымдастырудағы өзгерістер, олар стандартты емес жұмыс формаларының (толық емес жұмыс күні бойынша жұмыс, уақытша жұмыс, келісімшарт бойынша жұмыс) пайда болуы, жеке кәсіпкерліктің өсуі, дене еңбегіне деген қажеттіліктің төмендеуіне әкелетін жаңа технологиялардың дамуымен сипатталады.

Халықтың білім деңгейінің жоғарылауы, жұмыс істейтіндердің қатарында әйелдер санының артуы, өмір сүру ұзақтығының ұлғаюы және туу деңгейінің төмендеуіне байланысты жұмыс күшінің жасынуы? салдарынан жұмыс күшінің өзінің сапалық сипаттамаларындағы өзгерістер.

Экономикалық жағынан дамыған елдерде еңбек жарақатынан сақтандыруды дамытудың халықаралық тәжірибесіне сүйене отырып, еңбек жарақатынан ұлттық сақтандыру жүйесін одан әрі заманауиландыру еңбек берушінің еңбек жарақаты мен кәсіптік аурулар деңгейін төмендетуге деген қызығушылығын арттыратын шаралардың құқықтық реттеуін жетілдіру тұрғысынан қарастырылуы керек. Бұл кәсіптік аурулар бойынша тиімді алдын алу шаралары жүйесін енгізу, еңбекке қабілеттілікті жоғалту салдарын жұмсарту және жоғалған еңбек белсенділігін қалпына келтіру, сондай-ақ селективті өлім-жітімді азайту аясында жүзеге асырылады.

Халықаралық еңбек ұйымы еңбек жарақаты мен кәсіптік аурулар бойынша міндетті сақтандыру жүйесін жетілдіру үшін алдын алу, реабилитация және өтеу функцияларын іске асыру арқылы тұтас көзқарас қажет екендігін атап өтеді.

Қолданыстағы заңнама нормаларын талдау келесіні көрсетті. Жалпы алғанда, ұлттық нормалар халықаралық стандарттарға сәйкес келеді, дегенмен бірқатар кемшіліктер, олқылықтар және қайшылықтар бар.

Атауларды анықтаудағы айырмашылықтар.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 1-бабының 27-тармағы еңбек қызметіне байланысты оқиғаны жұмыскердің, жіберуші тарап жұмыскерінің өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін немесе жұмыс берушінің, қабылдаушы тараптың тапсырмаларын орындау кезінде зиянды және/немесе қауіпті өндірістік фактордың әсер етуі нәтижесінде оларда жарақат алу, денсаулығының кенет нашарлауы немесе улану болып, олардың уақытша немесе тұрақты еңбекке қабілеттілігін жоғалтуына немесе өліміне әкелген жағдай ретінде анықтайды [9].

Сонымен бірге «Жұмыскердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кездегі жарақаттан міндетті түрде сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жарақатты жұмыскерлердің өздерінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кезде зиянды және/немесе қауіпті өндірістік фактордың әсер етуі нәтижесінде оның кәсіптік еңбекке қабілеттілігін жоғалту дәрежесін анықтауға, кәсіптік ауруға немесе өліміне әкелген жарақат алу, денсаулығының кенет нашарлауы немесе улану болып, Заңның 16-1-бабында көзделген жағдайларда орын алған сақтандыру оқиғасы ретінде анықтайды.

Атап өткен жөн, «Жұмыскердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кездегі жарақаттан міндетті түрде сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің қолданыстағы нұсқасында жоқ нормаларға сілтеме жасайды.

«Жұмыскердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кездегі жарақаттан міндетті түрде сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар тарихын талдау Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 2015 жылдың 23 қарашасы мен 2016 жылдың 1 қаңтарында сәйкесінше қабылдануы мен күшіне енуінен бастап, бұл Заңға 18 рет өзгеріс енгізілгенін, соңғысы 12.09.2022 жылы болғанын көрсетті. Алайда, олардың ешқайсысында 16-1 және 22-баптарға өзгерістер енгізу қажеттілігі ескерілмеген.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасында қауіпсіз еңбектің экономикалық проблемалары мен сақтандыру механизмінің институционалдық трансформациялары» бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру аясында «Еңбекті қорғау бойынша ғылыми-зерттеулер институты» РМК жүргізген ғылыми зерттеу жұмыс жағдайлары және еңбек

жарақаты бойынша әртүрлі органдар мен ұйымдардың статистикалық көрсеткіштерінің сәйкес келмейтіндігін анықтады, бұл осы саланы мемлекеттік мониторинг жүргізуді айтарлықтай қиындатады.

Қолданыстағы статистика сақтандырылған жұмыскерлердің нақты санын толық көрсетпейді, себебі ұлттық заңнаманың ерекшеліктеріне сәйкес сақтандыру жұмыскерлердің өздері емес, олардың жұмыс орындары болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстанда ХЕҰ актілері іске асырылғанына қарамастан, алдын алу механизмдерінің нашар қолданылатыны анықталды.

Қорытынды

Жүргізілген талдау нәтижелері көрсеткендей, қазіргі өндірістік жарақаттан міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі бірнеше жүйелік мәселелрге тап болып отыр, бұл оның дамуын тежейді және әлеуметтік рөлін әлсіретеді.

Еуропалық Одақ тәжірибесі көрсеткендей, тиімді жүйенің негізі – алдын алу, оңалту және әділ өтемақы қағидаларына сүйенген кешенді тәсіл. Қазақстанда осы озық тәжірибелерді бейімдеу келесі бағыттарда жүзеге асырылуы мүмкін:

Біріншіден, алдын алу мәдениетін қалыптастыру маңызды. ЕС-тің Еңбекті қорғау шеңберлік директивасы (89/391/EEC) жұмыс берушілерді кәсіби тәуекелдерді бағалауға міндеттейді. Қазақстанда бұл тәжірибені енгізу үшін экономикалық ынталандырулар қажет, мысалы, еңбек жағдайына байланысты дифференциалданған сақтандыру тарифтері, олар өндірістік жарақат статистикасымен тығыз байланыста болады. Мұндай механизм Германиядағы кәсіби сақтандыру қауымдастықтарының (Berufsgenossenschaften) превентивті бағдарламаларды қаржыландыру тәжірибесіне сәйкес келеді [10].

Екіншіден, интеграцияланған оператор құру арқылы үш бағытты қызметті біріктіру қажет. ЕС елдерінде кең тараған арнайы сақтандыру қорлары немесе агенттіктері (Австрия, Финляндия тәжірибесі) өтемақы төлеу, медициналық және кәсіби оңалту, сондай-ақ алдын алу шараларын ұйымдастыру функцияларын бір орталыққа біріктіреді. Қазақстанда мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорын құру осы модель бойынша ресурстарды тиімді біріктіріп, мүдде қақтығыстарын азайтуға және саланы кешенді басқаруға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, есепке алу мен мониторингті стандарттау және интеграциялау қажет. Сенімді статистика қалыптастыру үшін біртұтас деректер жинау жүйесін құру қажет, ол Еуропалық стандарттарға (мысалы, ESAW – European Statistics on Accidents at Work) сәйкес болады. Бұл тәсіл травматизм себептерін нақты талдауға, салыстырмалы көрсеткіштер жасауға және мақсатты превентивті іс-шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді [11].

Осылайша, реформаның стратегиялық мақсаты – жүйені тек сыртқы косметикалық өзгерістермен шектемей, оны компенсациялық модельден проактивті және әлеуметтік бағытталған жүйеге толық қайта құру. Мұндай тәсіл Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген қауіпсіз еңбек құқығын қорғаумен қатар, қызметкерлердің құқықтарын қамтамасыз етуге, еңбек өнімділігін арттыруға және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға ықпал етеді, сондай-ақ қауіпсіз және денсаулыққа зиянсыз өндірістік орта қалыптастырады.

Авторлардың қосқан үлесі

Бірінші автордың мақала жазудағы үлесі – тақырып бойынша ғылыми мақала жазудағы идеяларды қалыптастыру және зерттеу тұжырымдамасын құру, зерттеу жоспарын дайындау, ғылыми мақаланы жазу сатыларын, оларды жүзеге асыру мерзімдерін белгілеу, жинақтау. Зерттеу жоспарына сәйкес зерттеу әдіснамасы әзірленді, материалдар жинақталды, тұжырымдар жасалды.

Екінші автордың мақала жазудағы үлесі – мақаланың мәтінін сыни тұрғыдан қайта қарау, осы мақаланы жариялау үшін мақаланың соңғы нұсқасын бекіту. Мақала құрылымының редакцияның бекіткен талаптарына сәйкес келуін тексеру.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі даму ұлттық жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарының күшін жою туралы» Жарлығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636#z1357> (өтініш берген күні: 23.10.2025 ж.) – Нормативтік құқықтық акт.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 12 ақпандағы №1569 «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаны жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік бағдарлама туралы» Қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001569/> (өтініш берген күні: 23.10.2025)
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамыз // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (өтініш берген күні: 23.10.2025)
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі №949 «Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты тұжырымдамасы туралы» Жарлығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U020000949> (өтініш берген күні: 23.10.2025)
5. Insurance Core Principles and Common Framework for the Supervision of Internationally Active Insurance Groups.– URL: <https://www.iaisweb.org/uploads/2022/01/191115-IAISICPs-and-ComFrame-adopted-in-November-2019.pdf> (дата обращения: 16.10.2025)
6. Қазақстан Республикасының Заңы №285-VI, 2019 жылғы 26 желтоқсан. «Еуразиялық экономикалық одақ мүше мемлекеттердің қаржы нарығы саласындағы заңнамасын үйлестіру туралы келісімді ратификациялау туралы».– URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33273558 (өтініш берген күні: 16.10.2025)
7. Бурдыгина Е.А. «Әлеуметтік-экономикалық жүйенің трансформация кезеңінде Ресейде әлеуметтік сақтандырудың дамуы (Оренбург облысының материалдары бойынша)». Диссертация авторефераты, экономика ғылымдарының кандидаты. – Самара: Самара мемлекеттік экономикалық университеті, 2007. – 23 б..
8. Нұрғалиева А.Н. «Қазақстан Республикасында өндірістік жарақаттар мен кәсіптік аурулардан міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін жетілдіру» // Еңбек құқығы. – 2021. – №4. – Б. 45-52.
9. Петров С.И. «Өндірістік жарақаттан сақтандырудың триеди функциясы: алдын алу, оңалту, өтемақы (халықаралық тәжірибе және ҚР үшін перспективалар)» // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. «Құқықтық ғылымдар» сериясы. – 2020. – №3 (132). – Б. 120-128.
10. Сапарғалиев Г.К. «Әлеуметтік мемлекеттің конституциялық негіздері және азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау» // Құқық және мемлекет. – 2019. – №1-2 (78-79). – Б. 25-34..
11. Convention concerning employment injury benefits (C121) [Конвенция о пособиях в случае производственного травматизма] // International Labour Organization. – 1964.

К.Б. Байтерекова¹, Б.М. Сматлаев², Юджель Огурлу³

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

³Университет Балыкесир, Алтэйлюль/Балыкесир, Турция

(*e-mail: k.baiterekova@mail.ru, smatlayev_bm@enu.kz, yogurlu@gmail.com)

Правовые основы социального страхования в снижении рисков производственного травматизма в Республике Казахстан

Аннотация. В данной статье рассматриваются процессы преобразования законодательства Республики Казахстан в сфере обязательного социального страхования от несчастных случаев на производстве. Исследование проводится сквозь призму двух определяющих факторов: необходимости гармонизации страховых норм в рамках Евразийского экономического союза и имплементации стандартов Международной организации труда.

Авторы детально проанализировали векторы модернизации отечественной системы социального страхования, обусловленные развитием общего финансового пространства ЕАЭС и внедрением проактивного подхода к управлению профессиональными рисками. Установлено, что существующая модель страхования характеризуется рядом системных ограничений – отсутствием профилактической составляющей, а также низкой результативностью институциональных структур, функционирование которых ориентировано преимущественно на коммерческие интересы, а не на достижение общественно значимых целей.

В ходе исследования выявлены нормативные противоречия и терминологические несогласованности в правовых актах Республики Казахстан, регулирующих страхование от производственного травматизма. Особое внимание уделено сопоставлению национальных норм со стандартами МОТ и анализу правовых предпосылок для формирования общего страхового пространства в рамках ЕАЭС.

Научная новизна и практическая ценность статьи заключаются в обосновании комплексного подхода к совершенствованию страхового законодательства, учитывающего баланс интересов участников страховых отношений в условиях евразийской интеграции и необходимости реализации трёх ключевых функций страховых программ – компенсационной, реабилитационной и превентивной. В работе предложены конкретные правовые и организационные меры по гармонизации нормативной базы, направленные на достижение согласованности международных обязательств Казахстана с его национальными приоритетами в сфере социальной защиты.

Ключевые слова: социальное страхование, несчастные случаи, трудовые риски, страхование на производстве, ЕАЭС, Международная организация труда, законодательство, защита работников.

K. Baiterekova¹, B. Smatlayev², Ogurlu Yucel³

^{1,2}L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,

³Balıkesir University, Alteilul/Balıkesir, Turkey

(*e-mail: k.baiterekova@mail.ru, smatlayev_bm@enu.kz, yogurlu@gmail.com)

Legal foundations of social insurance in reducing occupational accident risks in the Republic of Kazakhstan

Abstract: This article examines the processes of updating and adapting the legislation of the Republic of Kazakhstan in the field of mandatory social insurance against occupational accidents. The study

focuses on two key aspects: the need to harmonize insurance regulations within the framework of the Eurasian Economic Union (EAEU) and the implementation of the standards of the International Labour Organization (ILO).

The authors analyzed the main directions of modernization of the national social insurance system, which are linked to the development of the EAEU's unified financial market and the necessity of introducing a proactive approach to managing occupational risks. It was found that the current insurance model has several limitations, including the absence of a preventive function and low efficiency of institutional structures, which operate primarily for commercial purposes rather than achieving socially significant outcomes.

During the study, legal contradictions and terminological inconsistencies in the regulatory acts of the Republic of Kazakhstan governing occupational accident insurance were identified. Special attention was paid to comparing national legislation with ILO standards and examining the legal foundations for creating a unified insurance space within the EAEU.

The scientific novelty and practical significance of the article lie in proposing a comprehensive approach to improving insurance legislation, which takes into account the balance of interests of the participants in insurance relations under conditions of Eurasian integration and the necessity of implementing the three key functions of insurance programs - compensatory, rehabilitative, and preventive. The study presents specific legal and organizational measures for harmonizing the regulatory framework, aimed at aligning Kazakhstan's international obligations with its national priorities in social protection.

Keywords: social insurance, occupational accidents, labor risks, industrial insurance, EAEU, International Labour Organization, legislation, worker protection.

References:

1. Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidentiniñ 2018 jylǵy 15 aqpan daǵy №636 «Qazaqstan Respublikasynyñ 2025 jylǵa deingi damu ulttyq josparyn bekıtu jáne Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidentiniñ keibir Jarlyqtarınıñ kúşin joıy turaly» Jarlyǵy // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1800000636#z1357> (etinish bergen kúni: 23.10.2025).
2. Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidentiniñ 1994 jylǵy 12 aqpan daǵy №1569 «Qazaqstan Respublikasındaǵy qwqyqtyq reformany júzege asyru jónindegi memlekettik baǵdarlama turaly» Qaulysy // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001569/> (etinish bergen kúni: 23.10.2025).
3. Qazaqstan Respublikasynyñ Konstituciyası, 1995 jylǵy 30 tamyz // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (etinish bergen kúni: 23.10.2025 j.).
4. Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidentiniñ 2002 jylǵy 20 qyrkúyektegi №949 «Qazaqstan Respublikasynyñ qwqyqtyq siyasaty tujıımdaması turaly» Jarlyǵy // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U020000949> (etinish bergen kúni: 23.10.2025 j.).
5. Insurance Core Principles and Common Framework for the Supervision of Internationally Active Insurance Groups.– URL: <https://www.iaisweb.org/uploads/2022/01/191115-IAISICPs-and-ComFrame-adopted-in-November-2019.pdf> (data obrashcheniya: 16.10.2025) [in English]
6. Qazaqstan Respublikasynyñ Zańy №285-VI, 2019 jylǵy 26 jeltoqsan. «Eýraziıalyq ekonomıkalyq odaq müşe memleketterdiñ qarjy narıǵı salasındaǵy zañnamasyn ülestiru turaly kelisimdi ratifikaciıalay turaly».– URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33273558 (etinish bergen kúni: 16.10.2025).
7. Burdygina E.A. «Áleymettik-ekonomıkalyq júeniñ transformaciıa kezeñinde Reseyde áleymettik saqtandyru dyñ damýy (Orenburg oblysy materialdary boıynsha)». Dissertaciıa avtoreferaty, ekonomıka ǵılymdarynyñ kandidatı. – Samara: Samara memlekettik ekonomıkalyq ýnıversiteti, 2007. – 23b. [in Kazakh]

8. Núrǵaliev A.N. «Qazaqstan Respublikasynda óndiristik jaraqattar men kásiptik aýrýlardan mindetti áleýmettik saqtandyru júesin jetildirý» // Eñbek qwqyǵy. – 2021. – №4. – B. 45–52. [in Kazakh]
9. Petrov S.I. «Öndiristik jaraqattan saqtandyru dyñ trıedı funkciiasy: aldyn alu, oñaltu, ötemaqy (halyqaralyq tájirıbe jáne QR üsin perspektivalar)» // L.N. Gumilev atyndaǵı EÚU habarshysy. «Qwqyqtyq ǵılymdar» serıasy. – 2020. – №3 (132). – B. 120–128. [in Kazakh]
10. Saparǵaliev G.K. «Áleýmettik memlekettiñ konstituciıalyq negızderı jáne azamattardyñ eñbek qwqyqtaryn qorǵaw» // Qwqyq jáne memleket. – 2019. – №1–2 (78–79). – B. 25–34. [in Kazakh]
11. Convention concerning employment injury benefits (C121) [Konvencıia o posobiıah v sluchae proizvodstvennogo travmatizma] // International Labour Organization. – 1964. [in English]

Авторлар туралы ақпарат:

Байтерекова К.Б. – хат-хабар авторы, конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан,

Сматлаев Б.М. – заңғылымдарының докторы, профессор, заң факультетінің деканы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш., 2, 010000, Астана, Қазақстан

Юджель Огурлу – құқық докторы, профессор, Балыкесир университеті, игадич үстіндегі Чагыш кампусы, 17. бигадич км, ст., 10145 Алтыейлюль, Балыкесир, Түркия

Байтерекова К.Б. – автор для корреспонденции, докторант кафедры конституционного и гражданского права, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан,

Сматлаев Б.М. – доктор юридических наук, профессор, декан юридического факультета, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. К.Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан.

Юджель Огурлу – доктор права, профессор, Университет Балыкесир, Кампус Чагыш над Бигадичем, 17. км Бигадич, ул., 10145 Алтыейлюль/Балыкесир, Турция

Baiterekova K. – corresponding author, PhD student, Department of Constitutional and Civil Law, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev St., 010000, Astana, Kazakhstan,

Smatlayev B. – Doctor of Judicial Science, Professor, Dean of the Law faculty, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., 2, 010000, Astana, Kazakhstan

Ogurlu Yucel – Doctor of Law, Professor, Balikesir University, the campus is located at 17 Bigadicem St., 10145, Alteylul/Balikesir, Turkey



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).